

**Информатика пәнін
оқытуда
инновациялық әдістер
негізінде оқыту үрдісін
жетілдіру.**

Рахиева Сауле Токтарбековна

Алғабас орта мектебінің

Информатика пәні мұғалімі


Жоспар

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
 - Білім беру үрдісіне жаңа технологияларды еңгізу.
 - Инновациялық технология- білім сапасын арттыру кепілі.
- Қорытынды



«Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.».

К. Д. Ушинский




Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру.

Білім беруді ақпараттандыру – жаңа технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырып сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы.

Педагогикалық технологиядағы басты міндет – оқушының оқу-танымдық әрекетін жандандыру. Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және алға қойған мақсатқа толықтай жету.

Бұдан педагогикалық технологияны тиімділігі шығады.

Технологиямен жұмыс жүргізу 4 саты арқылы іске асады.



«2030 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыруға белсене қатысатындар, кең байтақ Қазақстанның байлығына ие болатындар, сол байлықты өз иелігіне жұмсайтындар, сөз жоқ, қазіргі мектеп қабырғасында жүрген біздің оқушыларымыз екеніне ешкім күмән келтіре алмайды»

Н. Ә. Назарбаев.



Мұғалім ретінде алдыма қойған мақсатым – оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығуын, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы дағдыландыру - әрбір ұстаздың абыройлы борышы. Технологиялардың танымал түрлерінің бірі **Модульдік оқыту** – тұлғаның мүмкіндігіне даярлық деңгейін бейімдеу.

Дамыта оқыту – оқушының жеке тұлғасын, оның біліктерін дамыту.

Менің мақсатым - өз бетімен дами алатын, әр түрлі өмірдің қиындықтарына төзе білетін, белсенді, білімді оқушы тәрбиелеу.

Модульдік оқытудағы негізгі мақсат – оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту.




Жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін инновациялық құрылғыларды пайдалану білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы.

Жана сабақты АКТ пайдалану арқылы түсіндіру




Жекелеп тапсырма орындау



Әр түрлі деңгейдегі тесттер орындау

Жекелеп (даралап) оқыту – оқушылардың қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашуға, дамытуға жағдай туғызады.



■ **Біріншіден**, дәстүрлі емес сабақтарды өту арқылы оқушылардың ой толғауын, білімін, қабілетін кеңейтуге болады. Білімді даяр күйінде бермей, оқушылардың алдына белгілі бір мәселені міндет етіп қойып, оны олар инновация элементтерін пайдалана отырып ізденіп шешуі тиіс жолдарды пайдалану. Бұл арқылы олар проблемалық жағдай туған кезде оны дұрыс шеше білу тәсілдерін үйренеді. Мұның нәтижесінде өз бетінше өмір сүре алатын шығармашыл азаматтар тәрбиелейміз.

Екіншіден, оқушыларға қазіргі заман талабына сай жоғары дәрежеде сапалы білім мен тәрбие беруде компьютерлік технологияны пайдаланып оқыту – бүгінгі күн талабы. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейін білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға жетуі керек. Содан кейін барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.


Гапсырыс келді!!!
Графикалық редакторды пайдаланып құттықтау хатын жаса!



Таңдайық, таңданбайық- жұмбақ бірден табайық!

Вирустың зиямы не?



Оқушылардың білім сапасының мониторингі 10-сынып



2009-2010	79%
2010-2011	85%
2011-2012	88%



Үшіншіден, қазіргі таңдағы талаптарға сай білімді, әсіресе білгенін өмірде пайдалана білетін жастарды тәрбиелеу мақсатында оқытудың жаңа әдістерінің ішіндегі ең маңыздысы – желілік ресурстарды пайдалану технологиясын енгізу және интерактивті тақтаны тиімді қолдану.



Қол саусақтарына арналған жаттығулар

Алақанды уқалау.

- Қолды қысу
- Білезіктен айналдыру

Көзге арналған жаттығулар.


- Көзді бірнеше рет жыпылықтату.

Оқушыларды қазіргі заман талабына сай жерсерік арнасы арқылы қашықтан және электрондық оқулықтарды пайдаланып оқыту. педагогика ғылымының докторы, профессор Ж. Қараевтың «деңгейлік оқыту» жүйесіне, «сын тұрғысынан ойлау» стратегиясына, Шаталовтың «тірек сигналдары арқылы оқыту» жүйесіне сүйеніп сабақ

Рефераттар жазу

- Топтық жұмыстар жасау
- Шығармашылық деңгейлік жұмыстар
- Интернетпен жұмыс

жүргіземін.





- **А тобы:** Word мәтіндік редакторымен танысу. Құжаттармен жұмыс.
- **В тобы:** Мәтін енгізу. Құжатты редакциялау.
- **С тобы:** Құжатты форматтау. Абзацты форматтау. Құжат беттерін рәсімдеу.



Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды стратегияларын сабақта қолдану барысында көрсеткен нәтиже: оқушының оқуға қызығушылығы артады, іскерлік дағдысы, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, өзіне деген сенімі қалыптасады, пікір таластыра білуді, ойын жүйелі түрде жеткізуді, қолданбалы программаларды пайдаланып немесе алгоритмдер құру арқылы программа құрастыруды, үйренеді.

Баланың жеке қасиеттерін ашу арқылы тәрбиелей отырып, танымдық күшін қалыптастыру және оқушының шығармашылық қабілетін дамытуда ойын түрлері, топтастыру, сәйкестендіру, толықтыру стратегиялары, сергіту жаттығулары, электронды оқулықтар кеңінен қолданамын.



Жаңа технологияларды пайдаланып оқыту барысында оқытушыға қойылатын негізгі талап оқушының берген жауабын түзету, берілген тапсырманы орындау жолдарын көрсету, оқушыға өз ойын рет-ретімен толық жеткізуді үйретуде үлкен мән беремін. Балаға өз ойын қысылмастан айтуға мүмкіндік беріп, оған пікір еркіндігін сездіру оқушының сол сабаққа қызығушылығын арттырды. Сонымен қатар сабақ барысында техникалық жабдықтарға, көрнекіліктерге жүгіну оқытушыға уақытты үнемдеуге, аз уақыттың ішінде бірнеше оқушының білімін бағалауға, бағдарламадағы материалды қай дәрежеде меңгергенін айқындауға мүмкіндік береді, бұл оқушының білім деңгейін қадағалаудың ең тиімді тәсілі. Себебі, оқушының білімін тексеру, оның мүмкіндіктерін айқындау – оқыту кезеңінің ең маңызды бөлігі. Инновациялық технология – білім сапасын арттыру кепілі.



Оқушылардың
түсінуі

Өздік білім
көтеру

Ғылыми-тәжірибелік
конференция,
байқауларға қатысу



Шығармашылық
мүмкіндіктер

Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

**Инновациялық технологияларды,
Компьютерді қолдану мұғалімге не
береді??**

Оқу-әдістемелік
құралдар жасау
мүмкіндігі

Мониторинг

Дидактикалық
материалдар
жасау

Өз бетімен жұмыс жасауға



Оқушыларға компьютер не береді??

Шығармашылық мүмкіндіктер



Оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын. Олар:

- Жеке шығармашылық тапсырмалар, жобалар.
- Блок – схема, графиктер, диаграмма, карта т. б.

Тірек – схема, көрнекіліктер және анықтама құралдары.

• Ойын арқылы оқыту. Сөз жұмбақ, ребустар. Логикалық есептер. Тестілеу және бақылау.

• Интерактивті тақта сыныптағы барлық оқушылардың басты назарына айналуына байланысты орталықтан демонстрациялауға қолайлы жағдай туғыза алады;

• Мұғалімнің де, оқушының да шабытын, қызығушылығын арттырып, сабақты тартымды өткізуге ынталандырады;

• Оқушы алдына жаңа материалды жанды түрде көрсете отырып, танымдық қабілетін арттыруға мүмкіндік алады.

Компьютерлік
сауаттылыққа

үйрену

Интернетпен
жұмыс жасауға

АКТ-пайдалануға
қызығушылық

артуы

Компьютерлік технологияларды қолдану оқушы көзімен.

Ақпарат іздеу,
алу, уақыт
тиімділігі

Қызықты және
көрнекі

Тәжірбиелік
жұмыстар
орындау

Серігу,
Компьютерлік
сауаттылық

Жанашылдық

Сурет салу,
есептеу

Шығармашылық
тапсырмалар
орындау



Алдын ала дайындаған оқу материалдары - презентациялар, мәтіндік, графикалық ақпараттық объектілер - сабақтың жақсы өтуін және барлық ақпарат түрлерін қолдануды қамтамасыз етеді. Бұл оқушының сабаққа деген қызығушылығын, әрі өз бетінше іздену қабілетін арттырады. Бұл сапалы білім берудің ең басты факторы болып табылады. Осындай әдістермен жасалған теориялық талдаулар үздіксіз жыл бойында жүзеге асырылып отырса, бала жаттығып, өз бетінше ізденіп, жаңалық ашуға, зерттеу жұмыстарын жасауға дайындалады.

Электронды оқулықтар мен интерактивті тақтаны өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар зерттеуге құштар, дүниені аз уақытта танып білетін, байланыс туралы жеткілікті меңгерген технология саласының білгірі болады.

Мен кімін?

**Қатардағы ұстаздардың бірімін,
Көргім келет шәкірттердің биігін.**

Не үшін?

**Үйретемін баланы,
Бала деген ертеңгі қазақ жалғасы.
Жалғас деген Отанымның жастары.**

Кімді мен үйретемін және қалай?

**Құқылы әрбір шәкірт білімге сай.
Сондықтан да зерделеп зерттеймін де,
Мақсат үшін қолданамын әдіс талай.**

Қазақтың еселенсе несібесі

Гүлдене берсе игі киелі елі.

Сол ұрпақтың бәрі де мектеп көрген,

Міне бұл ұстаздықтың нәтижесі.

